

Сырым ауданы Жосалы ауылдық округі әкімінің шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Жосалы ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 28 ақпандағы № 6 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 наурызда № 6068 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңына сәйкес, Жосалы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сырым ауданы Жосалы ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 12 "Сырым ауданы Жосалы ауылдық округі әкімінің 2013 жылғы 8 сәуірдегі № 3 "Сырым ауданы Жосалы ауылдық округінің Қоңыр, Тамды елді-мекендері аумағында шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3553 тіркелген, 2014 жылы 12 маусымда "Сырым елі" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы
Жосалы ауылдық округінің әкімі*

К. Габдешов